

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

ТАУАРЛАР МЕН
КӨРСЕТІЛЕТІН
ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ
МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН
БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ

КОМИТЕТ КОНТРОЛЯ
КАЧЕСТВА И
БЕЗОПАСНОСТИ ТОВАРОВ
И УСЛУГ

СОЛТҮСТІК
ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
ТАУАРЛАР МЕН
КӨРСЕТІЛЕТІН
ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ
МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН
БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІ

ДЕПАРТАМЕНТ
КОНТРОЛЯ КАЧЕСТВА И
БЕЗОПАСНОСТИ ТОВАРОВ
И УСЛУГ СЕВЕРО-
КАЗАХСТАНСКОЙ
ОБЛАСТИ

БАС МЕМЛЕКЕТТІК
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

ГЛАВНЫЙ
ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ

ҚАУЛЫСЫ
2020ж. 23 қазан №33
Петропавл қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ
город Петропавловск

**Солтүстік Қазақстан облысы Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігерінің қаулысына
өзгертулер енгізу туралы**

«Пайда болу және таралу қаупі төнген кезде шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін инфекциялық аурулар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 130 бұйрығы, «Қазақстан Республикасының аумағында шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 239 бұйрығының негізінде; Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасындағы өткізу пункттерінде коронавирустық инфекция ауруының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» 2020 жылғы 23 қазандағы № 59-АӘКД қаулысын басшылыққа ала отырып, **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

I. Солтүстік Қазақстан облысы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің «Солтүстік Қазақстан облысының аумағында карантинді шектеу шараларын

күшейту туралы» 2020 жылғы 15 қазандағы № 32 қаулысындағы 1-т. келесі редакцияда жазылсын:

«1. А) Мағжан Жұмабаев, Мамлют, Уәлиханов аудандарының және Петропавл қаласының әкімдері, Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы басшысының м.а., СҚО ТКҚСҚБД аумақтық Мағжан Жұмабаев, Мамлют, Уәлиханов аудандары, Петропавл қ. басқармаларының, көліктегі санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау бөлімінің басшылары:

Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасындағы өткізу пункттерінде коронавирустық инфекция ауруларының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» 2020 жылғы 23 қазандағы № 59-АӘКД қаулысына сәйкес, елге кіре берістегі шектеу шараларын қатаң орындауды **қамтамасыз етсін.**

Б) 2-қосымшаға сәйкес, Қазақстан Республикасының аумағы арқылы екі жақты және транзиттік тасымалдарда халықаралық жүк тасымалын жүзеге асыратын жүргізушілерге арналған нұсқаулық бекітілсін.

В) Жаңажол, Бидайық, Қарақоға автобекеттерінде санитариялық-карантиндік пункттер арқылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттері арқылы кіру/шығу бағыттары, 3-қосымшаға сәйкес, тамақтануға және демалуға арналған тұрақ орындары бекітілсін.

Г) Полиция департаменті Қазақстан Республикасының аумағы арқылы екі жақты және транзиттік тасымалдарда халықаралық жүк тасымалын жүзеге асыратын жүргізушілерге арналған нұсқаулықтың сақталуына мониторингті жүзеге асырсын.

Д) Аудандардың және Петропавл қаласының әкімдері, аумақтық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармаларының басшылары, 3-қосымшаға сәйкес, ҚР БМСД 2020 жылғы 25 маусымдағы №43 қаулысына сәйкес, тамақтану және демалу үшін тұрақ орындарында объектілердің жұмыс алгоритмдерінің сақталуын бақылауды қамтамасыз етсін».

2. Бұл қаулы орындау үшін міндетті болып табылады және бұзылған жағдайда кінәлілерге әкімшілік шаралар қолданылады.

3. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы қаулы 2020 жылғы 27 қазандағы сағат 00 бастап күшіне енеді.

**Солтүстік Қазақстан облысының
Бас мемлекеттік санитариялық
дәрігері**

С. Қасмақасов